

Ахметов Қ.

**Ғұлама ғалымның мерейтойы басталды/ Қ. Ахметов
//Орталық Қазақстан. - 2005. - 24 наурыз**

Қаз КСР Ғылым академиясының академигі, техника ғылымдарының докторы КСРО Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, КСРО Жазушылар одағының мүшесі, талантты ғалым, өнертапқыш, шебер аудармашы, Евней Арыстанұлы Бөкетовтің 80 жылдық мерейтойына арналған үлкен жиын-той Қарағандыда ғұлама ғалымның туған күні қарсаңында наурыздың 23-ші жұлдызында басталып кетті.

Біртуар тұлға атындағы Қарағанды мемлекеттік университетінде ұйымдастырылған мерейтойға Бөкетовтің көзін көрген, ғалыммен шығармашылық байланыста болған еліміздегі белгілі ғалымдар, жазушылар, сондай-ақ көрші елдерден ат арылтып жеткен қонақтар жиылды.

Бағдарлама бойынша мерейтойдың алғашқы күні құрметті қонақтар ҚарМУ-дың бас корпусы жанында Е.Бөкетовке тұрғызылмақшы ескерткіштің тұғыртасын қалау рәсіміне куә болды. Бұдан соң оқу орынының студенттер сарайында «Академик Е.Бөкетов - ғалым, оқытушы, ойшыл» атты ғылыми-тәжірибелік конференция басталды.

Алқалы жиында облыс әкімінің орынбасары Е. Тоғжанов, ҚарМУ ректоры Е.Көбеев, ҚР ҰҒА академиктері З.Молдахметов, Ә.Жарменов, С.Әдекенов, ақын К.Салықов, ғалымның қарындасы филология ғылымдарының докторы Н.Бөкетова т.б. ғалымдар баяндама жасады.

Түскі үзілістен соң секциялық мәжілістер басталып, бұдан кейін қонақтар Бөкетов атындағы мұражайға экскурсия жасап, кешкісін С.Сейфуллин атындағы облыстық драма театрда Шекспирдің Е.Бөкетов аударған «Юлий Цезарь» қойылымын тамашалады.